

1 2010
218 20 к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

МАНАП
КӨКЕНОВ



БАҚЫТ КҰСЫ





Редакция алқасы

Бердібаев Р., төраға

Алматов А.

Досжан Д.

Кәрібозұлы Б., жауапты редактор

Қасқабасов С.

Қоңыратбаев Т.

Момынбаев Б.

Оразбай И.

Оспан С.

Пірназар С.

Рахымбекұлы Ә.

Сейсекеева К.



СЫРДАРИЯ КИТАПХАНАСЫ

КЫЗЫЛОРДА ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
КОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ
КЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

МАНАП
КӨКЕНОВ



БАҚЫТ КҰСЫ

ӨЛЕНДЕР, ТЕРМЕ-ТОЛҒАУЛАР,
ДАСТАНДАР МЕН АЙТЫСТАР

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ
АСТАНА-2009

УДК 821.512.122-1

ББК 84 Қаз 7-5

К 67

*Кітап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің жанындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мұраларын
ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігіндегі дайындалып,
баспаға университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды*

Пікір жазғандар:

Ә. Рахымбекұлы – ақын, Қазақстан Жазушылар Одағы-
ның мүшесі;

А. Сақышұлы – филология ғылымдарының кандидаты

Көкенов Манап.

К 67 **Бақыт құсы. Өлеңдер, терме-толғаулар, дастандар мен
айтыстар.** – Астана: Фолиант, 2009. – 344 б.

ISBN 9965-35-720-X

«Сырдария кітапханасының» құрамында Қазақстанның халық ақыны, айтыс өнерінің өрен жүйрігі Манап Көкеновтің «Бақыт құсы» жинағы беріліп отыр. Кітапқа оның айтыстарымен бірге өлеңдері, термелері, толғаулары және дастандары енгізілді. Ол үлтимыздың ұлы өнерін өткеннен бүгінге жалғаушылардың бірі, өз түсінде елуден астам айтысқа қатысып, көбісінде жеңіске жеткен.

М. Көкенов айтыс ақыны болумен бірге лирикалық өлеңдерді де өндіре жазған. Оның Отан, туған жер, азаматтық, елжандылық жайлы жырлары жүрекке жақын, көнілге ыстық. Ал термелері мен толғауларының тәлімтәрбиелік, ғибраттық мән-мағынасы зор. Ақын дастандарында өз замандастарын, олардың ерлік еңбегін, азаматтық пайым-парасатын шабыттана жырлайды.

Жыр кітабы көпшілік оқырманға арналған.

**К 4702250202
00 (05)-09**

**УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5**

ISBN 9965-35-720-X

© Көкенов Манап, 2009

© «Фолиант» баспасы. 2009

АЙТЫСТЫҢ АҚСҰҢҚАРЫ

1943 жылы Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кезде елдегі еңбекшілерді еселі еңбекке жұмылдыру, ел адамдарының еңбегін көрсету мақсатында тұңғыш рет республикалық ақындар айтысы өткізілді. Осыған байланысты жер-жерлерде де ақындар айтысы үйимдастырылды. Сондай бір айтыс 1943 жылдың күздінде Нартай Бекежановтың басқаруымен Жаңақорған ауданында да өтті. Ол кездері ауданда 23 колхоз болатын. Соның бірі «Кеңесарық» колхозының атынан Манап Қекенов, «Елтай» колхозының атынан Әбжан Құрышжанов (кейін филология ғылымының докторы, профессор) айтысқа түсті. Екеуінің айтысы тартысты да қызықты өтеді. Жұрт риза болысады. Айтыстан соң ақын Нартай Манап пен Әбжанды қасына шақырып алыш:

*Дарияның ағып жатқан тұнығысың,
Тұнықтың бойында өскен шыбығысың.
Тең тұстің Манап, Әбжан қарақтарым,
Халықтың ел билейтін құлышысың, –*

деп екеуінің арқасынан қағып, маңдайынан сүйіп, ақ батасын беріп, ақындық жолына сөт-сапар тіледі. Бұл Манаптың тұңғыш айтысы еді. Ел билейтін құлышы болмағанмен, ел сыйлайтын ұлығы бол өскен Манап сол кезде 15 жаста болатын.

Манап ең алдымен елге айтыс ақыны ретінде танылды. Ол алғашқы Әбжан Құрышжановпен айтысынан бастап, 1987 жылды Қызылжарда (Павлодар) Тәушен Әбуовамен болған соңғы айтысина дейін 50 рет ақындар айтысына түскен. Соның ішінде 23 рет қыз-келіншектермен айтысқан екен. Мәкеңнің қызбен айтысу нышандары жас кезінен-ақ басталған. 1945 жылды қызыл отауда істеп жүрген кезінде аудандық мәдениет бөлімінің тапсырмасымен «Жайылма» колхозына барады. Тапсырма – сондағы кітапхананың жұмысымен танысу. Барса кітапхана жабық екен де, кітапханашы қыз Гүлсара бір үйде кілем тоқып жатқанын естиді. Жетіп барудың есебін ташпай, ойнап жүрген балалардың бірінен Манап дереу мынадай бір шумақ өлеңмен хат жазып беріп жібереді:

*Еңбекке кейде біздің жоқ санамыз,
Көбінде осындаидан ақсаганбыз.
Келіп ем әдейі іздең, жоқ екенсің,
Орныңды сипап қалдым, Гүлсара қызы.*

Біраздан соң әлгі бала жауап өлең жазылған бір жапырақ қағаз әкеп береді. Онда Гүлсара қызы:

*Ал, Манап, өлеңіңді алдың біз де,
Таба алмай ынтық болып жүрміз сізге.
Сендей ақ бас СССР бойынша жоқ,
Басыңды агарттың ба жағып сұзбе? –*

депті.

Қарап қалатын Манап бар ма, әлгі баладан кілем тоқып жатқан қыздардың атын, түр-келбеттерін сұрап алыш, қолма-қол былай жауап жазып жібереді:

*Гүлсара алты қыздың апасындаи,
Налбикең он сиырдың жапасындаи.
Біреудің алтын басын кемітесің,
Міндерің толып тұрып тап осындаи.*

Міне, қызбен алғаш сөз қағысуын осылай бастаған Манап ақын енді 19 жасында Жетісай жақта өтіп жатқан үлкен бір тойда жыр дүлдүлі Нартаймен айтысқан атақты Іңкөр деген ақынның отыздар шамасындағы Нәбира атты сіңілісімен сөз сайысна түсіп қалады. Айтыс бара-бара қызып, екі жағы да бірін-бірі алдырмай, әбден шарықтау шегіне жеткен кезде Нәбира:

*О, Мәке, жүрт көрсек деп көп желікті,
Бұл халқым не десе де өз ерікті.
Қожасың, әр жерде айтып алыш жүрсің,
Беріп кет маган қайта теберікті, –*

деп Манаптан алым сұрай жабысады. Сонда Манап домбыраны қағып-қағып жіберіп:

*Женеше-ау, кеп отырмыз тамашага,
Теберік көп ішінде жараса ма?
Шынымен теберікті қажет етсең,
Берейін ебі келсе оңашада, –*

деген кезде, уәжден ұтылған Нәбира бұл айтысты одан әрі созбай, орнынан тұрып келіп Манаптың қолын алады.

Осындай қызықты айтыстың бірі – Манаптың 20 жасар ке-зіндегі Салқынай деген қызбен айтысы. Бірде ауылына келін түсіп, сол тойға барса, Салқынай деген құдаша қыз Манапты айтысқа шақырып қоймайды. Жұрт та Манапты айтысқа тус деп кеу-кеулейді. Соңда Мәкен: «Айтыссак айтысайық, құдашасың ғой, айтысты алдымен сен баста», – деп кезекті Салқынай қызға береді.

Әдетте баяғы кітапханашы қыз Гүлсарадан бастап кейінгі айтысқа түсіп жүрген қыз-келіншектің біразы Манаптың туғаннан шапы, қасы, тіпті білегінің түгіне дейін аппақ болыш туғандығын кемсітіп айтып, сөзден осы жағынан ұстамақшы болғандығы көрініп жатады.

Бұл тойда айтысты бастаған Салқынай қыз салған жерден Манапты бірден сүріндірмек болыш:

*Туганнан ақ бол тудың шал секілді,
Көзің қысық, басың жауган қар секілді.
Диірмен тартып, от та жагады екенсің,
Екі түрлі қасиетің бар секілді, –*

деп, аяғынан бірден шалып түсірген шығармын дегендей Манапқа құлімсірей қараң отырады. Сасатын Манап па, домбыраны ала салып:

*Туганнан ақ бол тудым шал секілді,
Көзім қысық, басым жауган қар секілді.
Меніменен бірге түнесен, құдашажан,
Білер едің қандай қасиет бар секілді, –*

деген кезде, Салқынай қыз жауап қайтара алмай, тәмен қараң үнсіз отырып қалған екен. Сөйтіп, ақын Манап Салқынай қызды табан астынан тапқыр айтылған бір ауыз өлеңмен тоқтатқан, қыз уәжге тұрған.

Манап ақын өз өмірінде шаршы топта талай қыз-келіншектермен, соның ішінде орыс қызы Надежда Лушниковамен екі рет айтысқа түскен. Ол өзінің ең соңғы Тәушен Әбуовамен айтысында:

*О, халқым, мені ақын деп таныдыңдар,
Сүйсініп галымың бар, дарының бар.
Ризамың ақындық тағдырыма,
Айтыста қыз-келіншектен салымым бар, –*

деуі де сондықтан болса керек-ті.


Өнер өлкесіне жастайынан қадам басқан Манап тек қана айтыс ақыны емес, сонымен қатар облыстық және аудандық газеттердің штаттан тыс тілшісі, мәдени және тарихи ескерткіштерді зерттеуші, халық мұрасын қастерлеп жинаушы болды.

Ақын Манаптың шығарған өлеңдері мен айтыстары бірнеше топтама жинақтарға енсе, бір топ өлеңдері мен бірқатар айтыстары «Жазушы» баспасынан 1983 жылы «Сырдария саздары», 1991 жылы «Сыр өуендері» деген атпен жеке кітап болып басылып шықты. Мәкең дүниеден өткеннен кейін бұрын жарияланбаған көптеген өлеңдері мен біраз айтыстары жинақталып, 1999 жылы «Әл-Фараби» баспасынан «Көгілдір күмбездер» деген атпен басылып шығып, оқырманның ыстық ықыласына бөленді. Сондай-ақ, Мәкеңнің көзі тірісінде аудан мәдениеті мен өнерінің есіп-өркендеу жолдарын баяндайтын «Екі мыңыншы сапар» атты көркем тілмен жазылған очерктер кітабы 1987 жылы «Қайнар» баспасынан жарық көрді.


Манап Көкеновтың «Ардағы болым елімнің» атты кітабы 2004 жылы жарық көрсе, осы жолдардың авторының «Манаптың бір өзі – бір театр» атты әдеби-зерттеу еңбегі де «Алматы» баспасынан кітап болып шықты.

Мәкең ертеректе өмір сүрген жергілікті ақын Құлан Алдағергенұлының З мың жолдық өлеңін жинап, Республика Ұлттық ғылым академиясының алтын қорына тапсырды. Ол отызыншы жылдары өмір сүрген жергілікті күйші-композитор Әлшекей Бектібайұлының 14 күйін зерттеп тауып, 10 күйінің күйтабаққа түсіріліп таралуына да үлкен үлес қосты. Құлан мен Әлшекейдің есімдерінің «Қазақ Совет Энциклопедиясына», Құлан ақынның бір топ өлеңдерінің «Бес ғасыр жырлайды» атты көптомдық кітапқа енуіне Манаптың еңбегі бар.

*Адырбек Сопыбеков,
Манап Көкенов шыгармашылық өнер
мектебінің директоры, Қазақстан
Жазушылар одагының мүшесі*



**ӨЛЕНДЕР,
ТЕРМЕЛЕР,
ТОЛҒАУЛАР**



ӨЛЕҢ-СӨЗДІҢ МАРЖАНЫ

Маржан жатса теңіздерде, тереңде,
Ой маржаны – жүректегі өлеңде.
Жұлдыз жанып сөуле шашса тәбенде,
Сөз жұлдызы – «сөз патшасы – өлеңде».

Күн шұғыласы шашса нұрын себелеп,
Таң-тамаша бар табиғат жадыра.
Жүргегінді жылтытар бір керемет,
Өлеңнің де күн қызулы нәрі бар.

Сұлуды біз көктемгі айға теңесек,
Күндей күлген өзіне орай жары бар.
Ақын болса отты өлеңін берешек,
Қастерлейтін халқыңың да шағы бар.

КЕНТАУ КЕШІ

Көк пұліш Қаратаудың төсі қандай?!

Кентаудың ақ самала кеші қандай?!

Қаланың көшелерін араласан,
Көнілің көтерілер жас ұландай.

Бұраң бел, алма дидар арулары,
Жігіті жарқын көңіл жанындағы.
Әсем өн, күміс күлкі, жылы лебіз –
Шаттықтан жарагандай жанның бәрі.

Жанында жер жұлдызы жымындаиды,
Жап-жасыл жапырактар сыбырлайды.
Әккі жел анда-санда сабыр сактап,
Түннің де тынышынан сыр үрлайды.

Бөлөнген оркестрдің өлдиіне,
Жастандың қарай қалсаң ән-биіне,
Қонғандай бұлбұл келіп таң гүліне,
Есіңен кетер шығып бар дүние.

КЕНДІ АЙМАҚТЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ

Социалистік Еңбек Ері Нұрмахан Камаловқа

Біреу диқан самғаған сөніменен,
Біреуі жүрегі ақын – жалын өлең.
Сен есейдің жасыңдан жаның сүйіп,
Қазған кеннің тәп-тәтті наныменен.

Моншактап мандайыңдан төккен терің,
Сыйлады саған мәңгі құрмет төрін.
Ерлікпен еткен еңбек еш кетпеді,
Бағалай білді оны туған елің.

Шаңыңды бір көрсетпей анда-санда,
Сом болат тұлпарыңмен алға самға.
Кентаудың кен қопарған батыр ұлы,
Осы бір қарқыныңдан танба, талма!

ШАХТАДА

Шахтердей каска менен киіп етік,
Клетпен жер астына бардым жетіп.
Көзді ашып-жұмғанша,
О, керемет,
Тереңге үш жұз метр қаппын кетіп.

Жаныма жайма-шуақ тарағандай,
Ондағы жұпар иіс ауа қандай?!

Фажайып қала жердің астында екен,
Қалдым-ау көргенімді санай алмай.

Ерлермен алып тұлға дидарласып,
Басында қызу істің көңілім тасып,
Шахтаның жарығынан нұрланамын
Жүрегім жаңа жырдың көзін ашып.

МАҚТАН ЕТЕМ СЕҢІ МЕН

Ырыс артып, жайнап елдің жас күні,
Мұхит болды молшылықтың тасқыны.
Біздің ұран алды меже биігін,
Милиард пүт – сайын дала астығы.

Әнге қосып шырқарымыз – дән жыры,
Жыр арқауы – диқан ерім өйгілі.
Егіп, бапташ, жинағанда өнімін,
Диқанның бар тер төкпейтін қай күні?!

Оның төккен меруерт-монашқаң терінен,
Мол несібе Жер-анадан терілген.
Дән тағдыры, нан тағдыры қолыңда,
Сол үшін де мақтан етем сені мен.

АЛМАТЫ

Сәтімен көктем келсең Алматыға,
Өмірдің ұқсас ол бір жаннатына.
Мейірінді қызығына қандыра алмай,
Кайтасың қонақ жайға таңды атыра.

Маусымда көкорайлы жазы қандай?!

Бақ гүліндей сұлудың назы қандай?!

Көргенің ертегіден естігендей,

Қоярсың кереметке қаныға алмай.

Майысқан мөуелері күзі қандай,

Табиғат көрік берген қызығардай.

Медеуін сайрандасаң қайта келіш,

Табасың Қөктөбeden тынығар жай.

Алатау қар жамылған қысы қандай,

Жүрекке тазалығын ұсынардай.

Құндері жайма-шуақ мәңгі көктем,

Көңілдің көк кептерін ұшырадай.

Осындай бар мезгілі астананың,
Кеуденді кере түсер асқақ ағын.
Мен тілеймін шын сүйіп, алтын қалам,
Алатау биігінен асса бағың.

БАТЫРЛАРҒА БАЛАЙДЫ

Біздерде өсем құрылыс бар
Төбесі көкпен таласқан.
Тамаша мен тұрмыс бар
Шат өмірге жарасқан.

Ауылымызға қадірлі
Құрылысшы кей азамат.
Біздей жандар кәдімгі,
Ал өнері ғажап-ақ.

Олар істі қолға алса,
Сар даланы түлеткен.
Тілектес дос таңданса,
Сүйсінер шын жүректен.

Шағылысып сан құрылыс,
Алтын күнмен арайлы.
Әріс алса ерлік іс,
Шаттана ел қарайды.

Сөулетті үйдің кірпішін
Құрылысшы қалайды.
Сүйсініп оны сол үшін
Батырға елі балайды.

КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ ТОҚСАНҒА ТОЛҒАНДА

Ән-жырың өр ауылға қарап көктен,
Дауысың тау, далама тараң кеткен.
Әзіңдің буырқанған шабытыңды
Білемін бір миуалы дарақ деп мен.

Өрісті ойларыңнан қанаттаныш,
Өлеңге іңкөр болдым талаптаныш.
Төге бер жыр нөсерін, ақын аға,
Тұрғанда өнерінді қалап халық!

ӨЗБЕК АҒАЙЫНҒА

Сырдың бойы екі елге де ырыс-құт,
Жемісін жеп, бал суын да бір іштік.
Мырзашөл мен Шардараны гүлдентіп,
Қатар журміз елге тілеп тыныштық.

Ет пен қымыз, Сырдың алтын қауынын
Ақ пейілімен тартты алдына ауылым.
Жарқын күліп, жаны қалмай қарсы алған,
Міне, сенің қазақ деген бауырың.

Төрім дайын, болсаң мейман, қалауың –
Тілегі осы ауыл менен қаланың.
Өшірмейік туысқандық алауын,
Түсірмейік қолдан достық жалауын!

АҚЫНДАР ЕЛІ

Әму, Сыр ортасында жатқан жалпак,
Сөнқой ел, өнерпаз ел қарақалпақ.
Қиялды арбап өтеді көз алдыннан,
Сол елдің ақыны көп тұтқан ардак.

Бердақтың аты өйгілі маңайына,
Ақынның ұстаз болған талайына.
Салмақты сары алтындей айтқан сөзін,
Өзімнің тең көремін Абайма.

Жыраудан Күнқожа өткен Жиенменен,
Шәкірт бар ма оларға сүйенбеген?!
Соңына ат қалдырып кетті бөрі,
Бұл күнгі нағыз тарлан Тілеуберген.

Қаз дауыс Әжінияз ақын өткен,
Соңына нұсқа тастап нақыл еткен.
Қазақта қыз Мекешпен айтысыпты,
Солар-ау бізді тату, жақын еткен.

Дәме қызы айтысқан Мәнсүріммен,
Өнерін жайып салып жан сырымен.
Көрегендік, даналық, тапқырлықты,
Солардай кезінде елдің қайсы білген?!

Болса да бір заманда көшпені ел,
Көп болған бұларға да өшпендер.
Заманам шұғылалы өмір беріп,
Бұл кезде ұмыт болды өткен күндер.

ҰРПАҒЫМЫН

Бала Жамбыл жасында
Атадан жетім қалыпты.
Азапта жүріп амалсыз,
Байлардың малын бағыпты.
Он бесінде шерленіп,
Домбыраны қағыпты.
Жиырмасында жүлқынып,
Өнерін жүртқа танытты.
Жетпіс жасқа келгенде,
Октябрь тендік бергенде,
Көрді Жәкең жарықты.
Қайта түлеп, құлшынып,
Өшкен бағы жаныпты.
Жыр арнады Ленинге
Тенеген кедей, ғаріпті.
Риза болып өмірге,
Бұлбұлдай сайрап елімде,
Шақырды қайта шабытты.
Жырлады Ұлы Отанды,
Жырлады ұлы халықты.
Жырлады батыл ерлерді,
Жаңартқан көне тарихты.

Өр тұлғасы ақынның
 Алатаудай көрінді.
 Партия, Ленин бастаған
 Жырлады жайсан елімді.
 Ол жырлады бақытты,
 Шат-шадыман өмірді.
 Жастық шақ қайта оралып,
 Көтерді ақын көңілді.
 Ескінің айтса езгісін,
 Еңіреді, егілді.
 Халыққа шер бол жабысқан
 Ханның айтып қырсығын,
 Қабырғасы сөгілді,
 Көзінің жасы төгілді.
 Жырына қосты жетпісті,
 Жайнаған жаңа өмірді.
 Күн күлдірген көгімді,
 Жаңғырып жатқан жерімді,
 Дабысы артқан ерімді.
 Жұз жыл жырлаپ атамыз,
 Өшпес мұра қалдырды
 Үрпағына кейінгі.
 Алатаудан асыра
 Самғатқанда өн-жырды,
 Таң бол ақын үніне
 Жер менен көк жаңғырды.
 Калинин өзі құттықтап,
 Кремльге алдырды.
 Жырмен Мәскеу жұртының
 Құлақ құрышын қандырды.
 Бос өткізбей сағатты,
 Үйде таппай тағатты,
 Тоқсанында жігіт бол,
 Ауыздықпен алысқан
 Тұлпар атты жаратты.
 Жұздесіп жарқын жұртымен
 «Еліңе еңбек ет» деген,
 Қойды орынды талапты.
 Ерлерді Жәкең мадактап,
 Жырларын қардай боратты.

Сұрапыл соғыс кезінде
 Жауына жырмен оқ атты.
 Поэзия алды
 Атанған Жамбыл бұл күнде.
 Жаһанды кезген жырлары
 Сөйлейді өлі мың тілде!
 Ұрпағымын мен оның
 Ақындық жолын ұстаған...
 Іркілме, тілім, іркілме,
 Сөз кезегі тигенде.
 Боз жорғадай тайпалып,
 Ақбекендей бұлкілде.
 Болмасам да Жәкеңдей,
 Жәкеңнің жарқын тойында,
 Сайрамауым мүмкін бе?

ДИҚАНДАР БАС ҚОСҚАНДА

Сырда тұлеп, Сырда өсетін таранып,
 Жерден, судан, күннен қуат, нәр алыш.
 Біздің елде күріш дейтін дақылды
 Баптап күткен сансыз саңлак бары анық!

Жақаев – сол алыштардың алдыбы,
 Ақ күріштің академик ғалымы.
 Өндірісте тәсілін кең қолданып,
 Мындаған жас ұстазым деп таныды.

Көрген де бар Үбыкеңді, көрмеген,
 Дидағласып бас қосулар болды ерең.
 Қос басында кеңесті өзі атаның,
 «Тұгіскенде» тың түлеткен елменен.

Бағдарлауға «Тұгіскеннің» тынысын,
 Ерте кепті ғалым Әнес інісін.
 Ұйып тыңдал оның ақыл-кеңесін,
 Барша диқан мақұл көрді мұнысын.

Жақаевшы аты шыққан еңбекпен,
Жалағаштық Несілбай кеп «Еңбектен»,
Ақ күріштен тау тұрғызған ол-дағы,
Табыс сырын салды ортаға ерлеткен.

Шиелілік «Төңкерістен» Ертішім:
– Күріште өнім – жұмсай білсе ер күшін.
Бабы болса берері кеп жер жомарт,
Орындалар өр диканның серті шын, –

Десе көзі күріште құт-ырыстың,
Қырық жылдай болды «досы» күріштің...
Шиелілік «Қызылтудан» Қойшыбай,
Көпке түрін бағдарлатты жұмыстың.

Көп жерде ақыл-кеңес берді тынбастан,
Әрбірінің өмір жолы жыр-дастан.
Бәрінің де айтар ойы – молшылық,
Еңбек атты кең арнаға үласқан.

«Тұгіскенде» тузыраған тың жатыр,
Өсер мұнан Үбекендей мың батыр.
Жақаевтың басқан ізі – ақ күріш,
Ақынға да тың тақырып бұл дақыл!

САҚШЫ

Бейбіт өмір бағы үшін
Күзетте тұр қас қақпай.
Қорғау елдің намысын
Ең бірінші мақсаттай.

Көк аспанда ай қалқып,
Жымындаپ тек жұлдыздар.
Жайраң жігіт тұр шалқып,
Жүзінде жоқ бір ызғар.

Көз тігеді маңайға,
Құлақ тосып өр үнге.
Назар салып өр жайға,
Шолады оймен бәрін де.

...Шекарада тыныс көп,
Көз ілмесе жас жігіт.
Күзеткені – тыныштық,
Корғайтыны – жақсылық!

МАЙФА НАЗ

Бірге көктем күнімен,
Ораласың жыл сайын.
Көптен күткен гүлім ең,
Келші, майым, кел, майым!

Ел ырысы дер едім,
Сенің сұлу ажарың.
Мақтап еңбек өренін,
Қыздыр думан базарын.

Назарында нұр жатқан
Көктем гүлі болайын.
Қызгалдағы қыр жапқан
Көктем күні болайын.

Арала да жерімді,
Даңқымды жыр еткейсің.
Менің маңдай терімді
Маржан етіп кеткейсің.

ШОПАН ДОСЫМА

Қыс, боран, жазғы аптаңқа қарамастан,
Қой бағып, отарда өстің бала жастан.
Қаратай, Сырдың бойын бірдей жайлап,
Қыннның бәрін жендің жағаласқан.

Еліңе елеулісің еңбегіңмен,
Қоғамға берерің көп бергеніңнен.
Қаракөл, ет пен жұнді көп өткізіп,
Қыр жүзін жаптың жаңа төлдеріңмен...

КОММУНИСТ

Жолы айқын, мақсаты анық сенімменен,
Ерлікпен жолдама алған өмірге кең.
Жаралып Октябрьдің жалынынан,
Бірге өсіп, бірге туған Ленинменен.

Орнатып бейбіт өмір, тыныш заман,
Лениндік жеңілмейтін ту ұстаған.
Ұраны: Еңбек, Бақыт, Тенден, Достық!
Ол – коммунист, қашанда туыс маған.

Қоғамға қосқан оның сый-үлесін,
Көресің, шаттанасың, сүйінесің.
Ақылшың, сүйенішің, жанашырың,
Коммунист – ол ардақты ұлы есім.

ЖЕРҮЙЫҚ ЖЫРЫ

Еділден сонау созылған,
Бір жағы таулы Алтайда.
Бір жағы Сібір, Тянь-Шань –
Біздің ел жатыр кең жайда.

Ұлан-ғайыр жері бар,
Түгесілмес кені бар.
Жерүйық өзі жасаған
Талай Еңбек Ері бар.

Төрт түлік пен төлі бар,
Жайлауы кең, жері бар.
Сары алтындей сарғайған
Дән тасытқан белі бар.

Қазақстан дейтүғын
Ғажапстан жерденмін.
Ел даңқы мен дидарын
Павильоннан көргенмін.

Оң жағында тұлғасы
 Жыр атасы Жамбылдың.
 Өшпес асыл мұрасы,
 Қазынасы ән-жырдың.

Сол жағында Шығанақ,
 Тасытқан тары өзенін.
 Рекорд жасап, даңққа
 Бөлеген-ді өз елін.

Қырды көріп қуандым
 Қызыл гүлмен құлпырған.
 Сырды көріп қуандым
 Сұлулық пен нұр тұнған.

Қараанды көмірі,
 Ембінің ерке мұнайы,
 Балқаштың болат, темірі,
 Мысы, жезі – шырайы.

Шымкент қойны – қорғасын,
 Аралым – тұз қордасы.
 Жариялад әлемге
 Тұр байлықтың арнасын.

Баданадай бидайды
 Көрмеген елім сыйлайды.
 Ақ күріштің айдыны-ай,
 Қарасам көз тоймайды!

Байлық, бақыт, даңқтың
 Бағын шарлап келемін.
 Құрметіне халықтың
 Сыйым – осы өлеңім.

Еңбек етпей тұрмаймын,
 Откен емес бос күнім.
 Мен мәңгілік жырлаймын
 Халықтардың достығын!

АРДАҚ ТҮТАР АДАМЫМЫЗ

Еңбегімен ел құрметін көрсө кім,
Ерлігімен қындықты жеңсө кім,
Үлгі-өнеге басқаларға берсө кім –
Ардақ тұтар адамымыз сол біздің.

Топтан озып шықса талай жарыста,
Жете берсө жігерленіп табысқа,
Ие болса ар мен үят, намысқа –
Ардақ тұтар адамымыз сол біздің.

Сұрай білсе білгендерден білмесін,
Ойлай білсе туған елдің мұддесін,
Ала білсе жарысып өз мұддесін –
Ардақ тұтар адамымыз сол біздің.

ДИҚАНҒА

Даңқыңа сүйсінеді нұрлы аспаның,
Дән риза саған құрбы-құрдастарың.
Биылғы байлам қалай,
Батыр бала,
Ақынмен артық болмас сырласқаның?

Ел ортак,
Диқан, сенің табысыңа,
Күз келді,
Құлақ түрдім дабысыңа.
Сертінен шығарыңа сенімім мол,
Екпін бер арманыңың ағысына.

ТЕРЕҢӨЗЕК

Балғын бала шағым еді ол менің,
Жолым түсіп, жолаушылап келгемін.
Тікен қадап, бөгеу болып, бас шайқап,
Жол бермейтін, қалың тоғай, шеңгелің.

Құм сұрып, көз ашырмай айнала,
Тереңзек – жатқан меңіреу сайғана.
Енді көрсем кереметтей өзгерген,
Гүлзар баққа айналышты айдала.

Көшесіне ақын ата Абайдың,
Қызығам да, таңдана кеп қараймын.
Барлық өңір жасыл желек жамылған,
Сап құрыпты өсем үйлер талай мың.

Ортаға сап айта бер деп барыңды,
Алған өсер тербетеді жанымды.
Жаңақорған ауданымнан жайнаған
Сөлем ала келдім саған жалыңды!

ЖАЙЛАУДА

Жайлау төсі кілемдей,
Көз тартады ырғалып,
Аспан тұрса тұнермей,
Далам тұрар нұрланып.
Аққу-қаздар көліне,
Ажар алыш келгендей...
Менің туған жеріме
Шуақты мол бергендей.
Кең жайлауға сүйініп,
Ойға шомыш көп тұрдым.
«Бар сұлулық жиылыш,
Орнаған ба?..» деп тұрдым.

КОЛХОЗДА

Шұфыла қонып қалғандай,
Шалғыннан шыққан ән қандай?!

Колхоздың даңқын, ер даңқын
Құмарың тындаپ қанғандай!

Таң мұнда күліп атады,
Күн мұнда күліп батады.
Ән салыш ерте, кеште де,
Қарсы алыш халқым жатады.